

**Жалпы білім беретін №40 орта мектептің «Қамқоршылық кеңесі»
отырысының» №2 хаттамасы**

Атырау қаласы

12.10.2121 ж.

Қатысқандар: 9

1. Мутиева Ұ. – директордың тәрбие ісі орынбасары
2. Харисова Б. – Қамқоршылық кеңес төрайымы
3. Мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын функционалдық міндеттеріне бөлу және оларды нормативтік құжаттармен таныстыру;
2. Қамқоршылық кеңес құрамы өкілеттілігін түсіндіру жұмыстары;

Тыңдалды:

Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Мутиева ашып, жиналысқа қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Алғашқы мәселе бойынша сөз алған Ұ.Мутиева білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің құрамын функционалдық міндеттеріне бөлу жөнінде, атап айтқанда

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Харисова Б.

Орынбасары – Жанұзақова Б.

Хатшы – Рахманова А. болу жөнінде ұсыныс тастады.

Кеңес құрамы мүшелерінің атқаратын қызметтері бөлінген соң қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2020 жылғы 27-шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27-шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығымен таныстырып, Қамқоршылық кеңестің құрамына:

1. Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық органдарының өкілдері
2. Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері
3. Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса)
4. Ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, бір атанасын немесе заңды өкілі
5. Қайырымдылық жасаушылар (бар болса) мүше бола алатындығы туралы және қамқоршылық кеңестің атқаратын қызметі жайында айтып кетті.

Мектептегі Қамқоршылық кеңес жұмысы балалардың ыстық тамақпен қамтылуын, оқулықпен қамтылуын, мерекелік шаралардың ұйымдастырылуын, т.б. жұмыстарға тікелей ықпал ете алатын бірден-бір ұйым екенін атап көрсетті.

Жиналыстағы екінші мәселе – мектеп бойынша құрылған қамқоршылық кеңес құрамының өкілеттілігі туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Есниязова кеңінен таныстырды. 2021-2022 оқу жылы басында қыркүйек айында өткізілген ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңес құрамы ата-аналардың шешімімен құрылған болатын. Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі оқу-тәрбие процесін коллегиялды түрде басқара отырып, оның әрі қарай дамуына ықпал етуші бірлестік. Сондықтан Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтынын айтты. М.Есниязова өз кезегінде Қамқоршылық кеңес өкілеттілігі

- 1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыра алатынын;
- 2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлей алатынын;
- 3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлей алатынын;
- 4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлей алатынын;
- 5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдай алатынын;
- 6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлей алатынын;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізе алатынын;
- 8) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдай алатынын;
- 9) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кенестерге, семинарларға қатыса алатынын;


10) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелесе алатынын;

Білім беру ұйымдарының (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал ете алатынын түсіндіріп өтті.

ШЕШІМ:


1. Қамқоршылық кеңес төрайымы - Харисова Б.
Орынбасары – Жанұзақова Б.
Хатшы – Рахманова А. болып бекітілсін.
2. Мектептегі ыстық тамақ, оқулықпен қамтылуы, мерекелік шаралардың ұйымдастырылуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.

Жиналыс төрайымы



Б.Харисова

Хатшы



А.Рахманова